

Аққұлы ауданы Аққұлы ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін бекіту және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің санын айқындау туралы

### **Күшін жойған**

Павлодар облысы Аққұлы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 қазандағы № 279/57 шешімі. Павлодар облысының Эділет департаментінде 2020 жылғы 28 қазанда № 6999 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққұлы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 қарашадағы № 51/11 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққұлы аудандық мәслихатының 16.11.2023 № 51/11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 4 тамыздағы "Павлодар облысының Качир, Лебяжі аудандарын қайта атау туралы" № 724 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үлгі қағидаларына сәйкес, Аққұлы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аққұлы ауданының Аққұлы ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу тәртібі осы шешімнің 1 - қосымшасын сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Аққұлы аудандық мәслихатының 15.11.2022 № 110/22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Аққұлы ауданы Аққұлы ауылдық округі ауылының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2 - қосымшасына сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Аққұлы аудандық мәслихатының 15.11.2022 № 110/22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Лебяжі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 шілдедегі "Лебяжі ауданы Лебяжі ауылдық округінің Аққұ ауылы аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу

"үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің санын бекіту туралы" № 2/34 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3942 болып тіркелген, 2014 жылғы 23 тамызда "Аққу үні - Вести Акку" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихатының әлеуметтік сала және мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аққулы аудандық мәслихатының сессия төрағасы

К. Жиеналин

Аққулы аудандық мәслихатының хатшысы

С. Мусинова

Аққулы аудандық

мәслихатының

2020 жылғы 20 қазаны

№ 279/57 шешімімен

бекітілген

### **Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жындарын өткізуіндің тәртібі**

1. Осы Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жындарын өткізуіндің тәртібі Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген бөлек жергілікті қоғамдастық жындарын өткізуіндің үлгі қағидаларына сәйкес өзірленді және Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округінің аумағында ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жыннын өткізуі белгілейді.

2. Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округінің аумағында ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жынны (бұдан әрі - бөлек жын) жергілікті қоғамдастық жыннына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

3. Бөлек жынды Аққулы ауданы Аққулы ауылдық округінің әкімі шақырады

Аққулы ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жыннын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жынның шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін құнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауыл шегінде бөлек жиынды өткізуді Аққұлы ауданы Аққұлы ауылдық округтің әкімі үйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Аққұлы ауданы Аққұлы ауылдық округінің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың тіркеуі жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Аққұлы ауданы Аққұлы ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Аққұлы ауданы Аққұлы ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Аққұлы аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Аққұлы ауданы Аққұлы ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.